

Қылмыстық құқық бұзушылықтар



Қылмыстық құқық бұзушылықтың формальды анықтамасы бойынша, қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз - қылмыстық заң арқылы жазалау қатерімен тыйым салынған адамның белгілі бір әрекеті.

Алайда, мұндай анықтама қылмыстық құқық бұзушылық әрекетінің мәнін ашпайды, не үшін заң шығарушы қандай да бір әрекетті жасауға тыйым салады, неге бұл әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық деп табылады деген сұрақтарға толығымен жауап бермейді.

Сондықтан қылмыстың материалдық анықтамасын енгізу арқылы осы сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі қарастырылды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың **материалдық** анықтамасында қылмыстың негізгі сапасы – оның **қоғамға қауіптілігімен** анықталады деген тұжырым жасалған.


Бұл анықтамаға сәйкес, **қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз** - адамның қоғамға қауіпті іс-әрекеті болып табылады.

Жасалған әрекетте қоғамға қауіптілік белгісінің бар болуы оның белгілі бір қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады дегенді білдіреді.



Формальды және материалды анықтамалар бірін-бірі толықтырып қылмыстық құқық бұзушылық ұғымын береді.

ҚР ҚК 10-бабының 1-ші бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.



Қылмыстық теріс қылық

(ҚР Қылмыстық кодексінің 10 бабы 3 бөлігі)

Белгілері:

- 1. Қоғамға зор қауіп төндірмейтін іс-әрекет**
- 2. Болмашы зиян келтірген іс-әрекет немесе адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекет**
- 3. Оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген іс-әрекет**
- 4. Айыпты жасалған іс-әрекет**

ҚЫЛМЫС

(ҚР Қылмыстық кодексінің 10 бабы 2 бөлігі)

Белгілері:

- 1. Қоғамға қауіпті іс-әрекет**
- 2. Айыпты жасалған іс-әрекет**
- 3. Айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған іс-әрекет**

ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан **болмашы болғандықтан, қоғамға **қауіп төндірмейтін** әрекет немесе әрекетсіздік – қылмыстық құқық бұзушылық болып **табылмайды.****

(ҚР Қылмыстық кодексінің 10 бабы 4 бөлігі)



Қол сұғушылықтың **топтық объектісіне** қарай қылмыстық құқық бұзушылықтарды он сегіз топқа бөледі.

Заң шығарушы ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігін топтық объектілеріне қарай **тарауларға** бөлінеді.



Қоғамға қауіптілік сипаты біртекті қылмыстық құқық бұзушылықтарды **қоғамға қауіптілік дәрежесіне** қарай үш түрге бөледі:

1) **Жай** қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 99-бабының 1-бөлігі),

2) **Сараланған** немесе **ауырлатылған** қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 99-бабының 2-бөлігі);

3) **Жеңілдетілген** қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 100-105 баптары).



Кінәнің нысаны бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды екі түрге бөледі:

1) **Абайсызда** жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар;



2) **Қасақана** жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Қылмыстарды қоғамға қауіпті **сипаты** мен **дәрежесіне** қарай оларды төрт санатқа бөледі:

Онша ауыр емес қылмыстар



қасақана әрекеттер үшін

ең ауыр жаза бас бостандығынан айырудың **2 жылынан** аспайды



абайсыздағы әрекеттер үшін

ең ауыр жаза бостандығынан айырудың **5 жылынан** аспайды



Ауырлығы орташа қылмыстар

қасақана жасалған әрекеттер үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айырудың **5 жылынан** аспайтын



Абайсызда жасалған әрекеттер үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айырудың **5 жылдан** аса мерзімге көзделген



Жасалғаны үшін ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру **он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер**

ауыр қылмыстар деп танылады



Жасалғаны үшін ҚР Қылмыстық
Кодексінде **он екі жылдан астам** мерзімге бас
бостандығынан айыру, өмір бойына бас
бостандығынан айыру немесе өлім жазасы
түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған
іс-әрекеттер
аса ауыр қылмыстар деп танылады





Кездескенше!!!